

Мазмұны

1	Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер	3
	мектептері музыка бөлімдерінің «Академиялық ән	
	айту» пәні бойынша білім беру бағдарламасы	
2	Образовательная программа по предмету	24
	«Академическое пение» детских музыкальных школ и	
	музыкальных отделений детских школ искусств	

**Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері
музыка бөлімдерінің «Академиялық ән айту» пәні бойынша
білім беру бағдарламасы**

1. Балалар музыка мектептерінің және балалар өнер мектептері музыка бөлімдерінің «Академиялық ән айту» пәні бойынша білім беру бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) «Академиялық ән айту» пәні бойынша оқытудың мақсатын, оқыту нәтижелерін және мазмұнын, білім беру процесін ұйымдастыруды, оларды іске асыру тәсілдері мен әдістерін, оқыту нәтижелерін бағалау өлшемшарттарын қамтитын білім берудің негізгі сипаттамаларының біртұтас кешенін анықтайды.

2. Осы бағдарламада келесі түсініктер қолданылады:

1) ән айтудағы шабуыл – фонацияның басталуы немесе таза дауыстылардың дыбысталудың басталуы;

2) әншілік тұғыр – әншінің фонация (дыбыс шығару) алдында енетін қалпы;

3) вибрато, вибрация – жоғарылығы, күші, тембрі бойынша дыбыстың ұдайы өзгеруі;

4) вокализ – сөзсіз, дауысты дыбыстарды орындауға арналған шығармалар;

5) дауыс гигиенасы – әншінің жүріс-тұрысқа қатысты белгілі ережелерді, әншілік тәртіпті сақтауы;

6) дауысты қою – білім алушылардың бойында дұрыс дыбыс шығаруға ықпал ететін, дауыс аппаратының рефлекторлық қимылдарын пысықтайтын ән айтуға жеке оқыту процесі;

7) диапазон – дауыстың (аспаптың) ең төменгіден ең жоғарығыға дейінгі дыбыстың көлемі;

8) дикция – мәтіннің анық, айқын айтылуы;

9) дыбыстың жоғарылығы – дыбысталатын дененің тербеліс жиілігіне байланысты музыкалық дыбыстың қасиеті;

10) дыбыс шығару (фонация) – ән немесе сөз дыбыстарын шығару, дауыс аппаратының іс-қимыл нәтижесі;

11) кантилена – кең, еркін түрде шырқалатын вокалдық, сол сияқты аспаптық музыка;

12) квинта – бес сатыны құрайтын музыкалық арақашықтық, «бес» санымен белгіленеді;

13) легато – үздіксіз айту, стаккато – үзік-үзік айту;

14) тыныс (әншілік) – ән айту процесін қамтамасыз ететін тыныс;

15) фразировка (баса айту) – мазмұнын, музыкалық ойдың қисынын анықтау мақсатында кезеңдерді, сөйлемдерді, сөздерді бөлу арқылы орындау процесіндегі музыкалық фразаларды көркемдік-мағыналық жағына байланысты ерекшелеуді білдіретін музыканы мәнерлеудің құралы.

3. Бағдарламаның мақсаты: вокалшының орындаушылық шеберлік негіздерін практикада меңгеру арқылы білім алушының рухани, музыкалық және шығармашылық дамуына жағдай жасау.

4. Бағдарламаның міндеттері:

Оқыту:

- 1) музыкалық сауатты, вокалдық терминдерді меңгеру;
- 2) дауысты, әншілік тынысты оқыту;
- 3) вокалдық орындаушылық техникасын меңгеру;
- 4) дикциялық, таза және анық артикуляциялауға дағдыландыру;
- 5) қазақ, шетел классикасының және заманауи вокалдық музыканың үлгілерін меңгеру.

Дамыту:

- 1) музыкалық қабілеттерін дамыту: есту, жады, ырғақ сезімі, музыкалылық және әртістік;
- 2) вокалдық дауыс ырғақтарын және сольфеджиолау дағдыларын дамыту;
- 3) вокалдық орындаушылық білігі мен дағдыларын қалыптастыру;
- 4) музыкалық материалмен өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландыру;
- 5) бейнелі ойлау және музыканы эмоциямен қабылдауды қалыптастыру;
- 6) өзін өзі таныстыру және өзін дамыту қажеттіліктерін дамыту.

Тәрбиелік:

- 1) музыкалық және орындаушылық талғамды тәрбиелеу;
- 2) рухани, адамгершіліктік, эстетикалық, патриоттық, интернационалдық тәрбие беру;
- 3) түрлі ұлттық дәстүрдің, стильдің, ғасырдың музыка өнеріне ену арқылы мәдени төзімділікті тәрбиелеу;
- 4) назар қою, есту, ойлау, есте сақтау білігін тәрбиелеу;
- 5) еңбек сүйгіштікке, қойған мақсаттарына жетуде ұмтылушылық және жігерлілікті тәрбиелеу.

5. Балаларға арналған бағдарламаны іске асыру мерзімі – жеті жыл. Негізгі, жалпы орта білімді аяқтамаған, бірақ музыка саласындағы техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға түсуді жоспарлап отырған балалар үшін, білім алушылардың ата-аналарының немесе оның орнын басатын тұлғалардың сұранысы бойынша білім беру бағдарламасын меңгеру мерзімі бір-екі жылға ұлғайтылады.

Бағдарламаны іске асыруға арналған оқыту уақытының көлемі осы бұйырықтың 1-қосымшасында көрсетілген балалар музыка мектебінің үлгілік оқу жоспарына сәйкес анықталады. Оқыту жеке формада іске асырылады.

6. Бағдарламаның мақсатына қол жеткізу қағидаттары:

- 1) балалардың табиғи қабілеттерін дамытудағы біртіндеушілік;
- 2) музыкалық сөздік қорын және техникалық тәсілдерді меңгерудегі қатаң жүйелілік;
- 3) сабақтардың жүйелілігі және ұдайылығы;
- 4) оқу процесінің мақсаттылығы.

7. Бағдарлама музыкалық дарындылығы, дайындықтары және жалпы даму деңгейі әртүрлі балаларға есептелген. Педагог оқу міндеттерін белгілеудегі икемділік, әр баланы оқыту стратегиясын қалыптастыру мүмкіндіктері есебінен әр білім алушыға жеке тәсілмен келуді іске асыруға жағдай жасайды. Педагог музыкалық білімді меңгерудегі қолжетімділікке, сатылылыққа және жүйелілікке, балалардың бойында музыкаға деген қызығушылықтарын оятуға ерекше көңіл бөледі.

8. Білім беру бағдарламасы білім алушының:

- 1) білім алушының музыкалық сауаттың қажетті деңгейіне сәйкес музыкалық шығармаларды шығармашылықпен орындауға мүмкіндік беретін білім, білік және дағдыларды меңгеруі;
- 2) білім алушының шығармашылық қызметі тәжірибесін алуы;
- 3) білім алушының әлем халықтарының рухани және мәдени құндылықтарын меңгеруі;
- 4) музыкалық білім алуы және музыкалық мәдениетке араласуы;
- 5) білім алушының бойында музыка өнері саласындағы негізгі кәсіби білім беру бағдарламаларын әрі қарай меңгерулеріне ықпал ететін білім, білік және дағдылар кешенін қалыптастыруға ықпал ететін жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған.

9. Психологиялық-педагогикалық қолдау:

- 1) білім алушының даралығына сәйкес оның тұлғалық, зияткерлік және әлеуметтік дамуына, өзін өзі кәсіби анықтауына, зияткерлік-тұлғалық мүмкіндіктерін ескере отырып, шығармашылық қабілеттерін дамытуға жағдай жасауға;
- 2) білім алушының оқуға деген оң уәждемесін қалыптастыруға;
- 3) білім алушының тұлға ретінде дамуына және өзін өзі жетілдіруіне ықпал ететіндей тұлғаға өзін өзі тануда, олардың өзіне шынайы баға беруіне және нақты өмірлік жағдайларда бейімделуінде, қиын жағдайларды жеңуде және эмоциялық тұрақтылыққа қол жеткізуде көмек көрсетуге;
- 4) бағдарламаның мақсаты мен міндеттеріне сәйкес білім алушыға психологиялық көмек көрсетуге және қолдауға бағытталған.

10. Білім алушыға қажетті орындаушылық дағдыларды және біліктерді үйрету мазмұны, сипаты және стилі жағынан түрлі көркемдік

шығармалармен жұмыс істеу процесінде іске асырылады, ал музыкалық тәрбие беру халық музыкасын, қазақстандық, орыс және шетел композиторларының шығармашылығын үйретуге негізделеді.

11. Бағдарламаның ерекшелігі музыкалық және вокалдық білім негіздерін қалыптастыру, ән айтудың белгілі нақышын меңгеру, аталған нақышта ән айту дағдыларын дамытудағы жалпы дамытушылық бағыты болып табылады.

12. Бағдарлама білім алушылардың жас және жеке ерекшеліктерін ескереді, білім алушылардың функционалдық сауаттылықтарын дамытуға, негізгі және пәндік құзыреттеріне (оқу пәні шеңберінде меңгерілген арнайы білім, білік және дағдылар) қол жеткізуге бағытталған.

13. Бағдарламаның әдістемелік негізі:

1) тұлғаны қалыптастыруға деген тұтастық тәсіл тұжырымдамасы;

2) оқытудағы жас, жеке-қызметтік, жеке-сараланған және мәселелі-зерттеу тәсілдері;

3) заманауи педагогиканың жалпы дидактикалық постулаттары, білім беру процесінің белгілеген мазмұны, формалары және тәсілдері;

4) оқытудың дамытушылық мәнмәтініндегі білім алушылардың шығармашылық және орындаушылық қабілеттерін дамыту мәселелерін әзірлеу;

5) көрнекті педгогтер мен музыка танушылардың теориялық ережелері мен әдістемелік нұсқаулары.

14. Оқу материалының мазмұнын іріктеудің педагогикалық қағидаттары:

1) табиғи сәйкестілік және қолжетімділік қағидаты білім алушының жас ерекшеліктерін ескеріп, білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуына көмектесетін, тыңдауға, үйренуге, орындауға лайық оқу материалын іріктеп алуға мүмкіндік береді;

2) сабақтастық қағидаты білім алушының музыкалық-орындаушылық қызметі және оның мазмұны деңгейінде оқытудың барлық сыныптары арасындағы байланысты білдіреді;

3) оқытуды дараландыру қағидаты ән айтудың орындаушылық дағдыларын практикада меңгерудің негізгі тәсілі болып табылады;

4) шығармашылық қағидаты білім алушының қабілеттерін және бейімділіктерін ашуды болжайды, жетістік жағдайын құруға, өнермен қуана араласуға ықпал етеді.

15. «Академиялық ән айту» пәніне жеке оқытудың ерекшелігі оқыту әдістерін, құралдарын, формаларын және репертуар кешенін таңдаудың вариативтілігін болжайды.

16. Қойылған міндеттерді орындау үшін қолданылатын оқыту әдістері:

- 1) ауызша – әңгімелесу, айтып беру, түсіндіру, пікірталас;
 - 2) көрнекілік-демонстрациялық – педагогтің аспаппен шығарманы орындауы, бақылау, интерактивті және мультимедиялық таныстыру рәсімін көрсету;
 - 3) практикалық – аспаппен жұмыс, дайындық жаттығулары, шығарманы өз бетінше талдау, шығарманың жеке бөліктерімен жұмыс;
 - 4) талдау – салыстыру және жалпылау, қисынды ойлауды дамыту;
 - 5) эмоциялық – ассоциацияларды, бейнелерді, көркемдік әсерлерді таңдау, музыкалық бейнелі ойлауды дамыту.
17. Әдістерді таңдау білім алушының жасына және жеке ерекшеліктеріне, физикалық қабілеттері, шығармашылық қабілеттерінің даму деңгейіне байланысты болады. Оқу процесі қарапайымнан күрделіге қарай құрылады.
18. Сабақтардың формалары:
- 1) практикалық;
 - 2) өздік жұмыс;
 - 3) дайындық-концерттік;
 - 4) байқаулар.
19. Педагог бағдарламаны заманауи музыка мектептерінде іске асыруда интерактивті білім беру технологияларын, сабақтардың классикалық және дәстүрлі емес түрлерін қолданады.
20. Педагогтің білім алушымен жүргізетін жеке сабағы сыныптағы оқу-тәрбие жұмысының негізгі формасы болып табылады. Сабақтардың жеке формалары педагогпен немесе басқа білім алушылармен ансамбльде ойнаумен үйлестіріледі.
21. Сабақ жоспары бір уақытта өткізілетін теориялық және практикалық сабақтардан тұрады.
22. Жұмыстың сабақтан тыс формаларының түрлері:
- 1) концерттік, байқаулық қойылымдарға дайындық;
 - 2) шығармашылық және мәдени-ағартушылық іс-шараларға қатысу;
 - 3) филармонияларға, театрларға, концерттік залдарға, мұражайларға және тағы басқаларға бару;
 - 4) музыка қайраткерлерімен, орындаушылармен, композиторлармен кездесулер.
23. Осы бағдарлама негізінде педагог білім беру процесін ұйымдастырудың анықталған сынып үшін ұтымды және барынша тиімді мазмұнын, әдістерін және тәсілдерін анықтайтын оқу жұмыс бағдарламасын әзірлейді.
24. Оқу жұмыс бағдарламасының құрылымдық элементтері:
- 1) титул парағы;
 - 2) түсінік хат;

- 3) оқу қызметін жоспарлау;
- 4) оқу процесін оқу-әдістемелік қамтамасыз ету.

25. Титул парағындағы негізгі мағлұматтар:

- 1) білім беру ұйымының аталуы;
- 2) оқу пәнінің аталуы;
- 3) оқу жұмыс бағдарламасы арнайы әзірленген сыныпты көрсету;
- 4) оқу жұмыс бағдарламасының жұмыс мерзімі (оқу жылы);
- 5) педагог туралы қысқа мағлұмат;
- 6) білім беру ұйымы басшысының оқу жұмыс жоспарын бекіткендігін белгілеуге арналған орын.

26. Түсінік хаттың мазмұны:

- 1) негіздеме ретінде білім беру бағдарламасы;
- 2) анықталған сыныпта пәнді оқыту кезіндегі өзекті педагогикалық мақсат пен міндеттер;
- 3) анықталған сыныптағы оқытудың ерекшеліктері (дамытушылық, түзету-дамытушылық, дарынды балалармен жұмыс);
- 4) аталған сыныпта жұмысты ұйымдастырудағы ерекшеліктер мен мәселелер;
- 5) себептері мен өзгерістердің мақсаттарын нұсқай отырып, жеке тақырыптық блоктарды (тарауларды) меңгеру мерзімдерін және/немесе уақытын өзгерту туралы ақпаратты көрсету.

27. «Оқу қызметін жоспарлау» тарауы білім алушылардың қызметтерінің сипатын ерекшелейтін тақырыптық күнтізбелік жоспардан, сыныптар бойынша репертуарлық тізбеден құралады.

28. «Оқу процесін оқу-тақырыптық қамтамасыз ету» тарауының мазмұны:

- 1) білім алушыға арналған танымдық әдебиеттер тізбесі;
- 2) педагогке арналған әдістемелік әдебиеттер тізбесі;
- 3) оқу-көрнекілік құралдар тізбесі.

29. Педагогтің оқу жұмыс бағдарламасы әдістемелік кеңестің отырысында қарастырылады және білім беру ұйымының басшысы оқу жылы басталғанға дейін бекітеді.

30. Педагог оқу жұмыс бағдарламасы негізінде әр білім алушыға арналған оқытудың жеке жоспарын құрады. Жеке жоспар білім алушының музыкалық және рухани-адамгершілік дамуының үйлесімді процесін сипаттайды.

31. Білім алушының жеке жоспары әр жартыжылдыққа құрылады, оны беру ұйымының басшысы бекітеді, журналға немесе білім алушының жеке іс қағаздарына енгізіледі.

32. Білім алушының жеке жоспарын құру барысында жеке жұмыстың болашақ және ағымдағы міндеттері ескеріледі, оқу жылының басы мен соңындағы оның мінездемесіне сәйкес құрастырылады.

Бір сыныптың өзінде бағдарламаны іске асырудың жеке жоспарлары, концерттік және емтихандық бағдарламалары күрделілік деңгейі бойынша бірінен бірі біршама ерекшеленеді.

33. Білім алушының жеке жоспары репертуарлық кең үрдісті, халықтық, классикалық және композиторлық техниканың элементтернен тұратын заманауи музыканы енгізу арқылы репертуарды жаңартуды және байытуды көрсетеді.

34. Оқу процесінің дұрыс ұйымдастырылуы, білім алушының музыкалық-орындаушылық қабілеттерінің табысты және жан-жақты дамуы толығымен алғанда жұмыстың мұқият жоспарлануына, репертуардың дұрыс іріктелуіне тікелей байланысты болады.

35. Педагог әрбір білім алушының музыкалық қабілеттерін және дарындылық ерекшелігін ескеріп, әрқайсысына жеке репертуарлық стратегия әзірлейді.

36. Педагог музыкалық шығармалардың жеке репертуарлық тізбесін қалыптастырады, шығармаларды жүйеге келтіреді және білім алушының жеке мүмкіндіктеріне сәйкес репертуарды толықтырады.

37. Репертуарлық тізбе халық әндерін, қазақ, орыс, шетел музыкасының классикалық музыкалық шығармаларын және заманауи композиторлардың шығармаларын қамтиды.

38. Педагог оқу процесінде ладтық, үндестілік, ырғақтық және әуендік ерекшеліктерін ескере отырып, қазақ халық әндерінің өңдеулерін, қазақстан композиторларының шығармаларын кеңінен қолданады.

39. Оқу репертуарының әртүрлі жанрдағы және стильдегі шығармаларға қанық болуы музыкалық материалды оқуға, салыстыруға, жүйелеуге оңтайлы жағдай туғызады.

40. Репертуар заманауи отандық және шетел композиторлары шығарған үздік пьесаларын қамти отырып жүйелі түрде жаңартылады және кеңейтіледі.

41. Педагог күрделілігі төмендеу тапсырмадан мейлінше күрделі тапсырмаға біртіндеп ауысу, білім алушыға көркемдік мазмұны жағынан, сондай-ақ орындау техникасы жағынан қолжетімді болатындай материалдарды тандай отырып, оқыту әдістемесін және білім алушының репертуарын ойластырады.

42. Педагог репертуармен жұмыстың аяқталу деңгейін бекітеді, шығармаларды үйренудің кезеңдерін белгілейді, бағдарламаның көлемін және күрделілігін түрлендіреді, әр білім алушының тұлғалық және жеке тәсілдерді ескеретін жаңа репертуардың есебінен репертуарлық тізбені толықтырады.

43. Педагог репертуармен жұмыс істеу барысында шығармалардың бір бөлігі көпшілік алдында немесе концертте

(емтихандық) орындауға, қалған бөлігі – сыныпта жұмыс істеуге немесе таныстыру мақсатына арналатындығын ескереді.

44. Жеке жоспарға білім алушының музыкалық орындаушылық, көркемдік, техникалық мүмкіндіктерінен жоғары және оның жас ерекшеліктеріне сәйкес келмейтін шығармалар енгізілмейді.

45. Білім алушылардың музыкалық дүниетанымын кеңейту үшін сыныпта егжей-тегжейлі оқытылатын шығармалардан бөлек, жұмыстың түрлі аяқталу деңгейіне жол бере отырып, жаттауды талап етпей, түрлі сипаттағы пьесалардың қатарымен таныстырылады.

46. Жеке жоспардың міндетті тараулары:

- 1) вокализдермен жұмыс;
- 2) тыныс алу және вокалдық жаттығуларымен жұмыс;
- 3) классикалық және заманауи авторлардың пьесаларын орындау;
- 4) Қазақстан композиторларының шығармаларын орындау;
- 5) халық әндерінің өңдеулері;
- 6) парақтан оқу дағдылары.

47. Әр жарты жылдықтың соңында педагог бекітілген жеке жоспардағы репертуарлық тізбеге енгізілген өзгерістерді көрсетіп, жоспардың орындалуын белгілейді, ал жылдың соңында білім алушының музыкалық және техникалық дамуына, жетістіктері және еңбек қабілеттеріне сипаттама береді.

48. Жылдың соңындағы білім алушыға берілген мінездеме даралығының келесі жақтарын ашып көрсетеді:

- 1) вокалдық қабілеттерінің деңгейі;
- 2) білім алушының жеке ерекшеліктерінің, қабілеттерінің дамуы;
- 3) вокалдық техниканы, вокалдық репертуарды меңгеруі;
- 4) жалпы дамуы, эмоциялығы, қабылдауы, реакциясының жылдамдығы;
- 5) оқу процесіне көзқарасы (тырысушылығы, қажырлығы);
- 6) еңбекке қабілеттілігі, жинақылығы;
- 7) өз бетінше жұмыс істеу білігі;
- 8) мәтінді талдаудағы сауаттылық дәрежесі;
- 9) музыкалық шығармаларды меңгеру жылдамдығы;
- 10) жылдың соңындағы жетістіктері;
- 11) білім алушының музыкалық-техникалық дамуындағы кемшіліктері және оларды жеңу бойынша міндеттері.

Педагог баланың барлық ерекшеліктерін ескереді, жағымды жақтарына баса назар қояды және дамыта отырып, осы қабілеттерін педагогикалық процесте оңтайлы қолданады.

49. Өзіндік сабақтар ұдайы және жүйелі түрде жүргізіледі. Жұмыс көлемі балалардың жалпы білім беру бағдарламаларын игеруімен қатар үй тапсырмасына дайындалуға кететін уақыт шығынын ескеріп анықталады.

50. Жеке үй тапсырмасы бірнеше кезеңмен жүргізіледі, педагогтің ұсынымдарына сәйкес құрылады.

Бірінші кезекте түрлі техникалық тәсілдер пысықталады, әртүрлі техникалық тәсілдер қолданылады. Педагог білім алушының ақыл-ой және дене мүмкіндіктеріне ескеріп қандай да бір шығармамен жұмыс істеуге жұмсалатын уақыт көлемін анықтайды.

51. Үй тапсырмаларының мазмұны:

- 1) тыныс алу вокалдық жаттығулар;
- 2) техниканы дамыту бойынша жұмыс (вокализдер);
- 3) көркемдік материалмен жұмыс (пьесалар немесе ірі нысанды шығармалар);
- 4) нотаны парақтан оқу.

52. Білім алушының өз бетінше жүргізетін сабақтарын белсендіру үшін сабақтың келесі формалары қолданылады:

- 1) өз орындауын талдау (білім алушы өзінің айтуын бағалайды, жіберілген қателіктерін белгілейді);
- 2) білім алушылардың күнделіктеріне шығармамен жұмысқа қатысты педагогтің маңызды ұсынымдарын жазу;
- 3) үй тапсырмаларын орындау туралы ауызша есеп беру (білім алушы қиындықтар туралы және оларды жою туралы айтады).

53. «Академиялық ән айту» пәнінің үлгілік оқу жоспарындағы «Сольфеджио», «Қазақ музыка әдебиеті», «Әлемдік музыка әдебиеті» пәндерімен пәнаралық байланысы білім алушылардың түрлі көркемдік түсініктерді тұтас түсінуге итермелейді.

54. 1 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

- 1) білім алушы «әншілік тұғыр», «әншілік дауыс», «әншілік тыныс», «кантилена» түсініктерімен танысады;
- 2) әншілік тыныс және дауыстың дұрыс әншілік дыбысталу (жылдамдатылмаған) негіздері, музыкалық-есту түсініктері және ритм сезімі, артикуляция дағдылары қалыптасады, дикциямен жұмысқа, дыбыстың дұрыс қалыптасуына негізгі көңіл бөлінеді;
- 3) білім алушы вокалдық жаттығуларды, 1-2 күрделі емес халық әндерін, 2-3 қарапайым шығармаларды меңгереді.

55. 1 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Жеке ән айту түсінігі. Ән айту кезінде денені, басты, ауызды қою. Төменгі жақтың, бет бұлшық еттерінің, мойынның, кеуде қуысының шамадан тыс күш түсірмей.

2-тақырып. Қабілеттер кешені бойынша дауыс типін анықтау. Дауыстағы және сөйлеудегі ауытқуларды анықтау.

3-тақырып. Әншілік тыныс туралы түсінік. Тыныс алуға арналған жаттығулары.

4-тақырып. Дауыс аппаратының құрылымы. Дауыс аппаратын қорғау.

5-тақырып. Ноталық сауат. Ноталық стан. Бірінші октавадағы ноталардың орналасу тәртібі.

6-тақырып. Дикция. Артикуляцияға арналған жаттығулар.

7-тақырып. Дауыс диапазоны. Квинта диапазонында қарапайым жаттығуларды қолдану.

8-тақырып. Қол жетімді диапазонда қарапайым музыкалық шығарманы жаттау және айту.

9-тақырып. Ноталық сауат. Күшті және әлсіз бөліктері. Ұзақтылығы.

10-тақырып. Дыбыс жүргізу бойынша жұмыс. Кантиленаны жасау.

11-тақырып. Вокализдер.

56. 1 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

1 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) дауыс, әншілік тыныс туралы жалпы түсініктерді біледі;
- 2) әншілік ұстанымды сақтайды;
- 3) тыныс алуды және тынысты музыкалық фразаларға бөлуді біледі;
- 4) жеңіл дыбыспен ән айтуды біледі, оны «созуға» тырысады;
- 5) аспаптың дыбысталуына сүйеніп, сосын аспапсыз фрагменттері бойынша әуендерді ырғағын дұрыс қойып айта алады;
- 6) әндердің сөздерін дұрыс және анық айтады, дауыстылырады бұзбай орындайды, дауыссыздарды нақты және қысқа айтады, белсенді артикуляция жасай алады;
- 7) бір нотада әуендік айналымдарды (попевка) және қарапайым жаңылтпаштарды айта алады;
- 8) терция-квинта аралығында кантиленді сипаттағы қарапайым әндерді айта алады;
- 9) қажетті диапазонды октаваға дейін, ал жұмыс диапазонын секстаға дейін кеңейте алады;
- 10) квинта-секста арасында кантиленді сипаттағы қарапайым әндерді орындай алады;
- 11) концертмейстердің сүйемелдеуімен ән айтуды үйренуде;
- 12) фонограммамен ән айтуды үйрену үстінде.

57. 2 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) жоғары вокалдық позиция және резонанс, дауыс концентрациясы сияқты алғашқы жалпы түсініктер беріледі;

2) дауыс аппаратына шамадан тыс күш тісірмеу, білім алушының өз дауысының табиғи және ыңғайлы дыбысталуын естерінде сақтау, алған дағдыларын әрі қарай бекіту бойынша жұмыстар жалғастырылады;

3) дикциямен жұмыс, дұрыс тыныс алу ұстанымдарын саналы түрде қолдану, орындаушылық дағдылар, көркемдік бейнені және музыкалық ойлауды дамыту жұмыстары әрі қарай жалғастырылады;

4) білім алушы вокалдық жаттығуларды, 2-3 халық әндерін, 3-4 күрделі емес шығармаларды меңгереді.

58. 2 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Дененің, астыңғы жақтың, мойынның, кеуде бөлігінің еркін қалпын сақтау дағыларын бекіту.

2-тақырып. Дұрыс әншілік тыныс алуды жанама жасау.

Бір калыпқа келтіру. Жаттықтыруға арналған жаттығулар. Легато айту дағдыларын дамыту.

4-тақырып. Сөйлеу және ән айтудағы артикуляцияның қағидаттары. Артикуляциялық аппараттарды дамытуға арналған сөйлеу және вокалдық жаттығулар.

5-тақырып. Дыбыспен жұмыс. Ән айтудағы дауысты және дауыссыз дыбыстарды қалыптастыру. Дыбыс жүргізудің сипаты. Дыбыстың жұмсақ шабуылы.

6-тақырып. Білім алушының диапазоны аралығындағы жаттығулар мен шағын шығармалар.

7-тақырып. Есту мен дауыс арасындағы үйлесім. Дауыс ырғағының тазалығы, дұрыс әншілік позицияны жасауға арналған жаттығулар.

8-тақырып. Білім алушының музыканы есту қабілетін дамыту. Appello-да жаттығуларды айту.

9-тақырып. Вокалдық репертуардың көркемдік-орындаушылықтың алғашқы дағдылары.

10-тақырып. Екпіндік тұрақтылығы дамыту.

11-тақырып. Ән айтудағы дауыстылар мен дауыссыздардың бірігуі. Дикцияның таза шығару бойынша жұмыс.

12-тақырып. Сахна мәдениеті.

59. 2 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

2 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) дауыс аппараты туралы жалпы теориялық білімі бар;
- 2) әншілік дауыстың гигиенасын біледі;
- 3) әншілік ұстанымды сақтайды;
- 4) шығарманың жылдамдығы мен сипатына қарай тыныс алуды біледі: сабырлы тыныс алу, жылдам тыныс алу, белсенді тыныс алу;
- 5) тынысты ұстап тұруды, тынысты музыкалық фразаларға бөлуді, үнемдеп дем шығаруды біледі;
- 6) жеңіл дыбыспен ән айта алады, оны ауаны шығармай, қысылмай «созуға» тырысады;
- 7) таза және нақты екпіндеуді біледі;
- 8) ырғақтық суреттерлі дұрыс орындауды, ән айту барысында қалыпты жылдамдықты ұстап отыруды біледі;
- 9) әннің сөздерін дұрыс және анық айтады, дауыстыларды бұзбай жеткізеді, дауыссыздарды нақты және қысқа шығарады, белсенді артикуляция жасайды;
- 10) концертмейстердің сүйемелдеуімен фонограммамен ән айтуды біледі;
- 11) микрофонмен жұмыс істеудің алғашқы дағдыларын біледі, оны қолдануды үйренуде.

60. 3 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) legato, staccatto вокализдеудің кейбір түрлері, артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған сөйлеу және вокалдық жаттығулар, ұсақ техниканың күрделі емес тәсілдері және классикалық музыканың шағын шығармаларын айту меңгеріледі;

2) білім алушы әншілік дауыстың регистрлері, ән айтудағы баса айту туралы білім алады, вокалдық тіл тағдыларын дамытады, тынысты дыбыспен байланыстыру, легатоны айту бойынша жұмыстар жүргізеді;

3) тыныс алу ұстанымын сақтай отырып, дұрыс әншілік тынысты дамыту, кантиленаны дамыту бойынша жұмыстар жалғастырылады;

4) білім алушы 1-2 вокализді, 2-3 халық әндерін, шағын диапазондағы 5-6 аралас шығармаларды меңгереді.

61. 3 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Вокализдеу тәсілдерін жасау (legato, staccatto).

2-тақырып. Әншілік дауыстың регистрі. Әншілік диапазон. Бас және кеуде регистрлерін дамытуға арналған жаттығулар.

3-тақырып. Вокалдық тіл дағдыларын дамыту. Ән айтудағы баса айтулар (фразировка).

4-тақырып. Артикуляциялық аппаратты дамытуға арналған тілдік және вокалдық жаттығулар.

5-тақырып. Білім алушының мүмкіндіктері және оның дауыс диапазоны аралығына қойылған міндеттерді ескеріп, репетуарды таңдау.

6-тақырып. Балалардың әртістік қабілеттерін, олардың ән айтуларын ырғақтық қозғалыстармен үйлестуруді дамыту.

7-тақырып. Дауыстыларды бүрмелеу. Түрлі регистрлерде оларды қалыптастыру.

8-тақырып. Тыныс алу ұстанымдарын сақтай отырып (әзірше қысқа мерзімді) дұрыс әншілік тыныс алуды дамыту. Тынысты дыбыспен қосу, легатоны айту.

9-тақырып. Шығарманың музыкалық және поэтикалық мәтінмен өз бетінше жұмыс.

10-тақырып. Мажор мен минордың алуан түрлеріндегі шығармаларды екпіндеу.

11-тақырып. Мейлінше күрделі ырғақтық суреттермен жылдам және баяу қарқындағы ырғақтық тұрақтылық.

12-тақырып. Сахна мәдениетін қалыптастыру.

62. 3 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

3 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) дауыс аппаратының құрылымын және оның қызметтерін біледі;
- 2) әншілік дауыстың гигиенасын сақтайды, суық тиіп ауырған кезде дауысты қайта қалпына келтірудің қарапайым тәдістерін біледі;
- 3) бір тынысты жеткілікті дәрежеде тең бөле отырып ұзақ фразаларды айта алады;
- 4) тыныстың түрлерін ажырата алады;
- 5) сүйемелмен айта алады;
- 6) таза, табиғи, жеңіл дыбыспен айтуды, дауыс құраушының негізгі элементі ретінде жұмсақ шабуылды қолдануды, бейнелеу тәсілі ретінде қатты шабуылды сирек қолдану керектігін біледі;
- 7) дауысты қыспай, ауаны шығармай соза алады;
- 8) сау әншілік дыбысталудың даралығын сақтай алады;
- 9) дыбыстың жоғары позициясын сақтай отырып, таза және нақты екпін жасай алады;
- 10) ритмикалық суретті дұрыс орындауды, қалыпты қырқынды ұстап отыруды біледі;
- 11) шығарманың мінезіне қарай legato, nonlegato, marcato, staccato орындай алады;

12) әннің сөздерін түсініп, мәнерлеп айтады, дауыстыларды бұзбай шығарады, дауыссыздарды нақты және қысқа айтады, белсенді артикуляция жасайды, орфоэпияның ережелерін сақтайды;

13) эмоциямен, мәнерлеп, динамиканың түрлі реңктерін қолданып айта алады;

14) концертмейстрдің сүйемелдеуімен ән айта алады;

15) фонограммамен ән айта алады;

16) а cappella айта алады;

17) музыкаға сәйкес ритмика элементтерін және қозғалыстарды орындай алады;

18) сахналық бейне жасау бойынша жұмыс істей алады;

19) әншінің сахнаға шыққанға дейін және концерт барысында өзін өзі ұстау ережелерін біледі.

63. 4 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) вокалдық-техникалық дағдыларды бекіту, әуендердің вариативтілігі негізінде шығармашылық қабілеттерін дамыту, шығарманы жеткізуде өз бетінше жұмыс істеуге талпыну бойынша жұмыстар жалғастырылады, ноталық мәтінді оқу білігі, вокалдық шығармамен өз бетінше жұмыс істеу білігі жетілдіріледі;

2) білім алушы тыныстың негізгі түрлерімен, әншілік дауыстың классификациясымен, әншілік дауыстың регистрлерімен, «мутациялық кезең» түсінігімен, мутациялық кезеңді өтудің ерекшеліктерімен танысады әншілік тынысты, кантиленді ән айтуды дамытады;

3) білім алушы дауысының кемшіліктері анықталады, анықталған кемшіліктерді жою бойынша жұмыстар жүргізіледі;

4) білім алушы 2 вокализді, 2 халық әнін, 1-2 күрделі емес романсты, 3-4 аралас шығармаларды, 1-2 ансамбльді (мүмкіндігіне қарай) меңгереді.

64. 4 сыныптың оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Жеке ән айту дағдыларын дамытуға арналған жаттығулар.

2-тақырып. Академиялық ән айтудың нақыштарының дағдыларын дамыту бойынша жұмыс.

3-тақырып. Әншілік тынысты және кантиленді ән айтуды дамыту.

4-тақырып. Дауыс шығарудағы кемшіліктер. Артикуляциялық аппарат пен кеңірдектің жұмысы.

5-тақырып. Тыныс алудың негізгі түрлері: бұғаналық, іш, кеуде, аралас.

6-тақырып. Әншілік дауыстардың классификациясы және әншілік дауыстың регистрі. Әншілік диапазонды кеңейту. Бас және кеуде регистрлерін дамытуға арналған жаттығулар.

7-тақырып. Есту мен дауыс арасындағы үйлесім. Ырғақтың тазалығы. Дұрыс әншілік позицияны шығаруға арналған жаттығулар.

8-тақырып. Дауыс кемшіліктері және оларды жою. Тамақ және мұрын дыбыстары, дауыс форсировкасы. Кемшіліктерді жоюға арналған жаттығулар.

9-тақырып. Вокалдық репертуардың көркемдік-орындаушылық жағымен жұмыс.

10-тақырып. Мутациялық кезең.

11-тақырып. Халық әні жанры. Буынмен әндету, ладтық бояу, ритм және орындаушылық стиль. Меңгерілетін әндердің жанрларына сәйкес орындаушылықтың мәнерлілік құралдары.

65. 4 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

4 сыныпта оқытудың соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

- 1) мутациялық кезеңді өту ерекшеліктерін біледі;
- 2) дауысты қорғау тәртібін сақтайды;
- 3) дыбыстың қалықтауымен жұмыс істей алады;
- 4) тыныс алу тәсілдерін біледі;
- 5) ырғақтың таза болуын, жоғары вокалдық позицияны қадағалайды;
- 6) резонаторларды қолдана алады;
- 7) орындалатын шығарманың мінезін жеткізе алады;
- 8) әуенді, ритмді және динамикалық реңктерді өз бетінше талдайды, оларды нақты орындайды;
- 9) дыбыс шабуылының әртүрлі түрлерін қолдана алады;
- 10) шығарманың сипатына қарай *legato*, *nonlegato*, *marcato*, *staccato* айта алады;
- 11) сахналық бейне жасау, жанры, сипаты жағынан түрлі шағармаларды орындаудағы даралығымен жұмыс;
- 12) көпшілік алдында концерттерде өнер көрсету дағдысына ие болады.

66. 5 сыныптағы бағдарламалық талаптар.

- 1) білім алушы: романс, ария, ариетта жанрларымен танысады;
- 2) тыныс алу бойынша жұмыс жалғастырылады, вокалдық шығармаларды жаттау процесіндегі дағдылар меңгеріледі, дауыс тембріне және ырғақтың тазалығына, регистрлерді түзеуге қадағалау жүргізіледі;

3) динамикалық ерекшеліктердің техникасын, вокализдеудің түрлерін (кантилена, портаменто, маркато) дамыту және әншілік репертуарды іріктеу дағдысын қалыптастыру жұмыстары жалғастырылады;

4) білім алушы октава аясында вокалдық техникаға арналған жаттығуларды, техника элементтері бар 2 вокализді, 2 халық әнін, 1 күрделі емес арияны немесе романсты, 4-5 аралас шығарманы, 1-2 ансамбльді меңгереді.

67. 5 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Романс. Ария. Ариетта.

2-тақырып. Дауысты баяу жүргізу. Тыныс алумен жұмыс.

3-тақырып. Жанрына байланысты вокалдық шығарманы орындау нақышы.

4-тақырып. Дауыс тембрін және ырғақ тазалығын өз бетінше бақылауды дамыту.

5-тақырып. Регистрлерді түзету.

6-тақырып. Бейнелерді жасаудағы динамикалардың мәні.

7-тақырып. Репертуарды таңдау. Әндердің репертуарын жинақтау. Репертуарды орындау. Музыкалық мейірімділікті тәрбиелеу.

8-тақырып. Динамикалық реңктер техникасын және вокалдаудың түрлі түрлерін (кантилена, портаменто, маркато) дамыту.

9-тақырып. Дыбысталудың примарлы аймағын анықтау.

10-тақырып. Шығарманың көркемдік мазмұны мен формасын қабылдау және мағынасын түсіну бойынша жұмыс.

11-тақырып. Ән репертуарын талдау дағдыларын үйрету.

68. 5 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

5 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) қалыпты еркін тыныс алуды қолдана алады;

2) дамыған вокалдық техникасы бар;

3) әншілік репертуарды өз бетінше таңдау, талдау, орындау және жинақтау дағдысына ие болады;

4) сахналық бейнені жасай алады, жанры, сипаты жағынан әртүрлі шығармаларды орындай алады;

5) діріл жаттығуларын, беттің бұлшық еттерін жылыту, оларды жұмысқа дайындауды біледі;

6) дауыстың қозғалмалылығына арналған жеңіл жаттығуларды орындайды, «стаккато», «нон легато» тәсілдерін біледі;

7) дыбыс филировкасын қолданады;

8) жоғары позицияда айта алады және нақты ырғақ жасайды;

9) дауысты дыбыстар үшін біріңғай артикуляцияны қолданады;

10) жалғап және үзіп айту элементтерін қолданады (легато стаккато);

11) вокалдық шығармаларды фразаларға, әуендік сызықтарға бөледі, шарықтау шегін анықтайды;

12) музыкалық шығарманың көңіл-күйін эмоциямен және мәнерлі түрде жеткізеді;

13) дыбысталудың примарлы бөлігін біледі және сенімді айтады;

14) ортаңғы регистрдегі дауыстың тембрлік бояуын көрсетеді.

69. 6 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) дауыс қозғалмалылығы, шығарманың көркемдік мазмұнын, формасын, әндерді жеке орындаушылық орындауды қабылдау, түсіну бойынша жұмыстар жалғастырылады, сүйемелмен ән айту дағдылары қалыптасады;

2) алған дағдыларды бекіту, әншілік тынысты дамыту және бекіту, ырғақ тазалығы және диапазон бойымен дыбысталуды түзету бойынша жұмыстар жалғастырылады;

3) әншілік аппараттың қозғалмалылығын дамытуға арналған жылдам темптегі шығармалар, бір қалыпты дыбыс жүргізуді үйретуге арналған әндету, кантиленді шығармалар - мінезі бойынша кереғар шығармалар қолданылады, білім алушының дауыс бояуларын анықау, жаттығулардағы дауыс қозғалмалылығы, ыңғайлы тесситурадағы динамикалық реңктерді пысықтау жұмыстары жалғастырылады;

4) білім алушы 2-3 вокализді, 2 халық әнін, 2 романсты, 1-2 күрделі емес арияны, 4-5 аралас шығарманы, 1-2 ансамбльді меңгереді.

70. 6 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Дыбыс шығару, тыныс алу және дикцияның өзара әрекеттестігі. Вокалдық жаттығулар.

2-тақырып. Музыкалық материалдарды өз бетінше меңгеру.

3-тақырып. Сахналық бейне.

4-тақырып. Білім алушының дауыс аппаратын ұйымдастыратын тәсілдерді саналы қолдануы. Денені орнықтыру. Демді ішке тартып тұруды сақтау. Тыныс алуды және дыбысты байланыстыру. Вокалдық есту қабілеті.

5-тақырып. Тыныс алу, «есінеу». Тыныс алудағы «дыбыс сүйемелі» сезімін тәрбиелеу. Үзілістермен *crescendo* және *diminuendo* жаттығуларын айту. Әншілік тынысты қалыптастыратын арнайы жаттығулар.

6-тақырып. Үйретілетін әндердің жанрына сәйкес орындаушылық мәнердің құралдарын меңгеру.

7-тақырып. Балаларға арналған классикалық вокал репертуарын меңгеру. Орындаушылықтың мәнерлілік құралдарын меңгеру: динамика, қарқын, баса айту, дыбыс жүргізудің түрлі үлгілері және тағы басқа.

8-тақырып. Заманауи композиторлардың шығармаларындағы екпін қиындықтары, құрылымы және ансамбльмен жұмыс.

9-тақырып. Төменгі қабырғалық-диафрагмалық тыныстың негізгі техникаларын меңгеру.

10-тақырып. Көркемдік және вокалдық-техникалық дамытуды біріктіру.

71. 6 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

6 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыларға ие болады:

1) артикуляциялық-штрихтық техниканың түрлілігін, икемділікті, дауыстың техникалығын болжайтын дамыған вокалдық техникасы бар;

2) шығармалардың көркемдік мәні мен бейнесін анықтау және ашу үшін музыкалық мәнерлілік құралдарын, вокалдық техниканы қолдана алады;

3) ән репертуарын өз бетінше таңдау, талдау, орындау және жинақтау дағдыларына ие болады;

4) сахналық бейне жасау, жанры, сипаты жағынан түрлі шығармаларды орындаудағы даралықпен жұмыс;

5) концерттерде өнер көрсету дағдылары бар;

6) жұмыс диапазонында қалыпты дыбысы бар;

7) концерттік нөмірлердің драматургиясын әзірлейді.

72. 7 сыныптағы бағдарламалық талаптар:

1) білім алушы оқу жылының ішінде музыкалық шығармаларды талдау дағдыларын меңгереді, тынысын бекітеді, жоғары вокалдық позицияны дамытады;

3) дауыс аппаратының әркелкі дамуын жою, дауыс міндеттері, ырғақты эмоциялық және жоғары дыбыстық есту қабілеттерін дамыту, музыка элементтерін бекіту жұмыстары жалғастырылады, жоғары әншілік позиция сезімі, әсіресе кең арақашықтықтарды орындаудағы дыбыстың жақындығы және тірегі бекітіледі;

4) білім алушы 2-3 вокализді, 2-4 халық әнін, 2 романсты, 1-2 күрделі емес арияны, 6-8 аралас шығармаларды, 1-2 ансамбльді меңгереді.

73. 7 сыныптағы оқу пәнінің мазмұны.

1-тақырып. Бітіру емтиханының бағдарламасы.

2-тақырып. Диапазонды толық дамыту.

3-тақырып. Музыкалық және вокалдық техниканы дамыту.

4-тақырып. Білім алушының ішкі түйсігін, қиялын дамыту, орындалатын әндердің эмоциялық мағыналық құрылысына ену.

5-тақырып. Жүйріктілік техникасын, гаммаларды, группеттоларды, арпеджионы айтуды дамыту.

6-тақырып. Дауысты дұрыс қоюға негізделген дыбыс филировкасын дамыту.

7-тақырып. Музыкалық шығармасы стилін және музыкалық формасын талдап орындау. Шығарманың эмоционалды-мағыналық мазмұнын ашу.

8-тақырып. Динамикалық бояулар техникасын және вокализдаудың алуан түрлерінің (кантилена, портаменто, маркато және тағы басқа) техникасын дамыту.

9-тақырып. Қорытынды аттестаттау бағдарламаларына дайындық және тыңдау.

10-тақырып. Бітіру емтиханына дайындық.

74. 7 сыныптың бағдарламасын игеруден күтілетін нәтижелер.

7 сыныпта оқу жылының соңында білім алушы келесі білім, білік және дағдыралға ие болады:

1) «вокалдық позиция», «резонанс», «қалықтау (полётность)», «дыбысты бүрмелеу (округление звука)», «тыныс алу сүйемелі (опора дыхания)» түсініктерін біледі;

2) дұрыс қалыптасқан дыбысты дұрыс қалыптаспаған дыбыстан ажырата алады;

3) педагогтің ескертуі бойынша фонация кезіндегі дыбысталуды түзете алады;

4) әуенді, ырғақты және динамикалық реңктерді өз бетінше талдайды және жаттайды;

5) кіші октавадағы си - екінші октавадағы соль диапазоны бар;

6) екінші октаваның бірінші ми бемоль-ге дейін жұмыс диапазонында ән айта алады;

7) дыбыс шабуылын қадағалап отырады;

8) ән салу кезінде күшін үнемдеп жұмсауды біледі;

9) тиісті қиындықтағы вокалдық фразаларда тынысты бөле алады;

10) ұсақ техника элементтерін орындайды (стаккато, форшлаг, мордент, группето);

11) бірізді қимылдарда және ән айту барысында шағын пассаждарды орындайды;

12) «партитуралық» оқу дағдысына ие болады.

75. Үлгерімді бақылаудың мақсаты білім алушының білім беру бағдарламасын игерудегі нәтижелілігін анықтау болып табылады.

Білім алушылардың бағдарламаны игеруі бақылау жұмысы, академиялық концерт түрінде, қорытынды аттестаттау – бітіру емтиханы түрінде іске асырылады.

76. Аттестаттау формасы және білім алушылардың сыныптар бойынша көрсетілімдеріне қойылатын бақылау-бағдарламалық талаптары:

1) 1 сынып – екінші, төртінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (1 вокализ, қазақ тіліндегі 1 ән);

2) 2 сынып – бірінші, үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (1 вокализ, қазақ тіліндегі немесе орыс тіліндегі 1 ән), екінші, төртінші тоқсандарда: академиялық концерт (2 қазақ тіліндегі ән, 1 орыс тіліндегі ән);

3) 3 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (1 вокализ, қазақ тіліндегі 1 ән, шетел тіліндегі 1 ән), екінші және төртінші тоқсандарда: академиялық концерт (қазақ тіліндегі 1 ән, шетел тіліндегі 1 ән);

4) 4 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (1 вокализ, 1 қазақ тіліндегі ән, 1 шетел тіліндегі ән), екінші және төртінші тоқсандарда: академиялық концерт (1 қазақ тіліндегі ән, шетел тіліндегі 1 ән);

5) 5 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (1 вокализ, қазақ тіліндегі 1 ән, шетел тіліндегі 1 ән), екінші тоқсанда: академиялық концерт (қазақ тіліндегі 1 ән, орыс композиторының 1 романсы), төртінші тоқсанда: емтихан (1 вокализ, қазақ тіліндегі 1 ән, орыс композиторының 1 романсы немесе шетел композиторының 1 ариеттасы);

6) 6 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (1 вокализ, қазақ тіліндегі 1 халық әні немесе қазақ композиторының әні), екінші тоқсанда: академиялық концерт (қазақ тіліндегі 1 ән, орыс композиторының 1 романсы), төртінші тоқсанда: емтихан (1 вокализ, қазақтың 1 халық әні, орыс композиторының 1 романсы немесе шетел композиторының ариеттасы);

7) 7 сынып – бірінші және үшінші тоқсандарда: бақылау жұмысы (1 вокализ, қазақ тіліндегі 1 халық әні немесе қазақ композиторының әні), екінші тоқсанда: академиялық концерт (қазақ тіліндегі 1 ән, орыс композиторының 1 романсы), төртінші тоқсанда: бітіру емтиханы (1 вокализ, қазақ тіліндегі 1 ән, орыс композиторының 1 романсы, шетел композиторының 1 ариеттасы).

77. Музыкалық білім беруде оқыту нәтижелерін бақылау өлшемшарттары пән бойынша ағымдық үлгерім нәтижелерінен және концерттік көрсетілімдерден алған бағаларынан тұрады.

Педагог білім алушының жұмысын бағалау кезінде келесі өлшемшарттарды ескереді: білім алушының вокалдық аппаратты тиісті деңгейде меңгергенін көрсетуі, көркем бейнені толық және сенімді ашуы, орындалатын шығарманың стилін түсінуі және орындаушылық интерпретацияда көрсетуі.

78. Бағалау өлшемшарттары (концерттік бағдарламаны орындау):

1) «5» бағасы «өте жақсы»: вокалдық аппаратты еркін игеруі, әншілік тұғыр дұрыс қойылған, дауыс ырғағы таза, дыбыс жүргізудің, нюанстардың негізгі тәсілдерін білуі, есту қабілетін өзі бақылауы, ноталық мәтінді нақты оқуы және білуі, шығарманың көркемдік

обейнесін ашуы, мәнерлі, әртістікпен орындауы, музыкалық мәнерлілік құралдарын ақындық және музыкалық мазмұнынымен ұштастыруы, орындап отырған шығармасына өз бетінше интерпретация жасау, орындау мәдениетінің жоғары;

2) «4» бағасы «жақсы»: вокалдық аппаратты еркін игеруі, дұрыс қойылған әншілік тұғыр, екпін тазалығы, дыбыс жүргізудің, нюанстардың негізгі тәсілдерін білуі, ноталық мәтінді білуі, есту қабілетін өзі бақылауы жеткіліксіз, шығарманың күрделі тұстарындағы техникалық олқылықтар (екпіннің таза болмауы), шығарманы орындаудың музыкалық ойы тарапынан дұрыс түсіндірілмеген, сахнадағы жүріс-тұрысының психофизикалық тұрақсыздығы;

3) «3» бағасы «қанағаттанарлық»: вокалдық аппаратты меңгеруі, дыбыс шығару тәсілдерінің жеткіліксіздігі, темптік ритмдік ұйымдастырудың болмауы, динамикалық біртектілігі және дыбыс шығарудың бірсарындылығы, авторлық ноталық мәтінді оқуда музыканы дұрыс түсінбей, формальді түрде орындап шығуы, орындауда есту қабілетін бақылауы әлсіз, орындауында стилистикалық және екпіндік қателері бар, орындау мәдениетінің деңгейі орташа, сахнадағы психологиялық күйі тұрақсыз;

4) «2» бағасы «қанағаттанарлық емес»: вокалдық аппаратты, дыбыс шығару тәсілдерін игермеуі, авторлық ноталық мәтіннің мәнін түсінбей формальді түрде орындауы, орындауын естуді бақылауының әлсіздігі, орындауындағы стильдік және екпіндік қателіктердің болуы, орындау мәдениетінің төмендігі.

**Образовательная программа по предмету «Академическое пение»
детских музыкальных школ и музыкальных отделений
детских школ искусств**

1. Образовательная программа по предмету «Академическое пение» детских музыкальных школ и музыкальных отделений школ искусств (далее - Программа) определяет единый комплекс основных характеристик образования, включающий цель, результаты и содержание обучения, организацию образовательного процесса, способы и методы их реализации, критерии оценки результатов обучения по предмету «Академическое пение».

2. В настоящей программе используются следующие понятия:

1) атака в пении – начало фонации или начало звучания чистых гласных;

2) певческая установка – положение, которое певец принимает перед началом фонации (звукоизвлечения);

3) вибрато, вибрация – периодическое изменение звука по высоте, силе, тембру;

4) вокализ – произведение для пения без слов, на гласный звук;

5) гигиена голоса – соблюдение певцом определенных правил поведения, певческий режим;

6) постановка голоса – процесс индивидуального обучения пению, заключающееся в выработке у обучающегося рефлексорных движений голосового аппарата, способствующих правильному звучанию;

7) диапазон – звуковой объем голоса от самого нижнего до самого верхнего звука;

8) дикция – ясность, разборчивость произнесения текста;

9) высота звука – свойство музыкального звука, зависящее от частоты колебаний звучащего тела;

10) звукообразование (фонация) – извлечение певческого и речевого звука, результат действия голосового аппарата;

11) кантилена – широкая, свободно льющаяся напевная музыка;

12) мутация – перелом голоса у подростков;

13) легато – связное пение, стаккато – отрывистое пение;

14) дыхание (певческое) – дыхание, обеспечивающее процесс пения;

15) фразировка – средство музыкальной выразительности, представляющее собой художественно-смысловое выделение музыкальных фраз в процессе исполнения путём разграничения периодов, предложений, фраз, мотивов с целью выявления содержания, логики музыкальной мысли;

16) вокализация – пение на гласных звуках;

17) артикуляционный аппарат – это часть голосового аппарата, формирующая звуки речи;

18) портаменто – способ исполнения, при котором следующая нота не сразу берётся точно (в звуко-высотном отношении), а используется плавный переход к нужной высоте от предыдущей ноты;

19) маркато – музыкальный термин, требующий рельефного исполнения нот, передача которых должна быть ясная и более сильная в сравнении с другими;
